

**Республикалық жоғары оқу орындарыаралық кітапхана  
құру туралы  
МЕМОРАНДУМ**

Алматы қаласы

«22» сәуір 2009 ж.

Осы Меморандум Республикалық Жоғары оқу орындар және Білім және ғылым министрлігі, Жоғары оқу орындар Қауымдастығы және ҚазРЕНА Қауымдастығы мен Жарғы негізінде әрекет ететін өкілі «Қазақ-Қытай» (Қызылорда қ.) институтының ректоры К.А. Нұрәлиев, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент арасында қол қойылды.

**I. МЕМОРАНДУМНЫҢ МАҚСАТЫ**

Осы Меморандум қатысушылардың Республиканың электрондық білім беру ресурстарын бірыңғай ақпараттық жүйеге біріктіру – Республикалық жоғары оқу орындары аралық кітапхана (РЖООЭК) – профессор-мұғалімдер құрамын, студент, бакалавриат, магистранттарды заманауи ақпараттық білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету мақсаты мен ниетін жүзеге асыру үшін бекітілді.

**II. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БАҒЫТТАРЫ**

1. **БжҒМ** өз Бұйрығымен Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана базасына ЖОО әлеуетінің бірігуіне нормативтік-құқықтық қолдау көрсетеді.
  
2. **ҚР ЖОО:**
  - Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындар Қауымдастығы мен ҚазРЕНА ұсынған жекеменшік білім беру ресурстар базасында біртұтас технологиямен электрондық кітапхана жасайды;
  - электрондық кітапханаларды толассыз толық мәтінді оқулықтар, оқу құрал, монография, ғылыми мақалалар, оқу-әдістемелік кешендер және т.б. қамтамасыз етеді;
  - жоғары оқу орындардың әлеуетін біріктіру үшін Республикалық жоғары оқу орындары аралық кітапханаға қажетті шарттарды жасайды.
  
3. **ҚР ЖОО Қауымдастығы**
  - Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхананы құру бойынша өзара әрекет ету ұстанымдары мен механизмдерін әзірлейді;
  - Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана туралы Ереже жасап шығарады;
  - Жекеменшік электрондық кітапхана құрып және оны үздіксіз толтырып отыруды қамтамасыз етеді;
  - РЖООЭК жұмысын қамтамасыз етеді және үйлестіреді;

- Жалпыға мәлім танымал шетелдік университеттер мен және баспа үйлерінің кітапханалық қорларына қолжетімділік алуға РЖООЭК қатысушыларға қолғабыс көрсетеді.
4. **Қазақстанның «КазРЕНА» пайдаланушылар Қауымдастығының ғылым-білім беру компьютерлік жүйесі:**
- ЖОО Қауымдастығы мен е-кітапхана ресурстарын Интернет арқылы технологияларды біртұтас виртуалды корпоративтік жүйеге біріктіреді;
  - РЖООЭК абоненттерін оларға берілген пароль мен логин арқылы үздіксіз қолжетерлікті қамтамасыз етеді.

### **III. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Тараптар осы Меморандум шеңберіндегі өзара әрекеттестікті жүзеге асыруда тиімділікті қамтамасыз ету үшін өздерінің өкілетті өкілін сайлайды.
2. Осы Меморандум шеңберінде ынтымақтастық Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтен түрде жүзеге асырылады.
3. Тараптар осы Меморандум шеңберінде жүргізіліп жатқан шаралардың орындалу барысы туралы ақпараттармен алмасады.
4. Тараптардың екі жақты келісімі бойынша осы Меморандумға қосымша келісіммен рәсімделген өзгертулер мен толықтыру енгізуге болады.

Меморандумға 2009 жылғы «22» сәуірде Шымкент қаласында қол қойылды және осы Меморандум қатысушыларының көпшілігі қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

**ҚР Білім және ғылым министрі**

**Ж. Түймебаев**

**ҚР ЖОО Қауымдастығы**

**Р. Алшанов**

**КазРЕНА Қауымдастығы**

**Б. Жапаров**

**Қазақ-Қытай институты**

**К. А. Нұрәлиев**